

**Қазақстан Республикасының Мәдениет  
және ақпарат министрлігі**

**Азаматтық қоғам істері комитеті**

**Барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер үшін  
жүктелген өкілеттіктерді орындау барысында  
қоғамдық кеңестер мүшелерінің әдептілік мінез-құлқы  
мәселелері бойынша**

**ҰСЫНЫМДАР**

**Астана қ, 2024 жыл**

## **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ** **ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫН ЕНГІЗУ НЕГІЗДЕРІ**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес, қоғамдық кеңестердің негізгі миссиясы мен мақсаты азаматтық қоғамның әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша пікірін білдіру болып табылады.

Өз кезегінде, азаматтық қоғам мен халықтың пікірі мен мүдделерін білдіру мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне қоғамдық бақылау нысандарын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Осы мақсаттар үшін қоғамдық кеңестерге «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 5-1-баптарында **көзделген кең өкілеттіктер берілген.**

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес мүшелерінің «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында **бекітілген құқықтары мен міндеттері бар.**

Қоғамдық кеңестердің мүшелері өз құқықтарын қолданыстағы заңнамада белгіленген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында ғана пайдаланады.

Қоғамдық кеңес пен оның мүшелерінің өз қызметінде мынадай міндеттері бар екенін атап өткен жөн:

1) Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын сақтауға;

2) өз қызметін жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға;

3) жылына екі реттен сиретпей бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы халыққа Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат беруге;

4) өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және (немесе) тиісті мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Қоғамдық кеңестер қызметінің мониторингі мен зерттеулерінің қорытындылары бүгінгі күні тиісті Қоғамдық кеңестің жұмысына бірқатар мүшелердің пассивті түрде қатысуы немесе мүлде қатыспауы, Қоғамдық кеңестің отырыстарына қатыспау және өз өкілеттіктерін орындау жағдайлары орын алғанын көрсетеді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, Қоғамдық кеңес мүшелері өз мүшелілігін жеке мүддесі үшін пайдалану, өз өкілеттіктерін Қоғамдық кеңесті хабардар етпей және оның мүшелерінің келісімінсіз өз бетінше жүзеге асыру жағдайлары жиі кездесіп отыр.

Мұндай әрекеттер қоғамдық кеңестердің мақсаты мен имиджіне айтарлықтай зиян келтіреді, халықтың сенімін арттыруға теріс әсер етеді.

Сонымен бірге, уәкілетті орган бүгінгі күнге қоғамдық кеңестер алдына **келесідей маңызды мәселелер қойылып отырғанын атап өтеді:**

**Бірінші.** Халық үшін неғұрлым өзекті мәселелер бойынша **қоғамдық кеңестер арқылы қоғамдық консультациялар** өткізу практикасын енгізу.

Бұдан басқа, жүргізіліп жатқан **қоғамдық бақылау шеңберінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа** қоғамдық кеңес мүшелерін белсенді тарту.

**Екінші.** Қоғамдық кеңес мүшелерін мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ, азаматтық белсенділердің өкілдерін қоса алғанда, **халықтың түрлі нысаналы топтарымен жұмыс істеуге даярлау.**

**Үшінші.** Қоғамдық кеңес мүшелерін нормативтік құқықтық актілер жобаларына **сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жасау жөніндегі жұмысқа** тарту.

**Төртінші.** Қабылданатын шешімдер туралы толық ақпарат алу мүмкіндігі үшін **қоғамдық кеңестердің отырыстарынан ашық тыңдаулар мен тікелей трансляциялар өткізу тәжірибесін енгізу.**

**Бесінші.** Заңдарды сақтау, бюджет қаражатын жұмсау және мемлекеттік жобаларды іске асыру тұрғысынан қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейту.

Бұл жерде қойылған міндеттерді іске асыруда әрбір мүшенің тікелей белсенді қатысуы және өз өкілеттіктерін тиісінше орындауы маңызды рөл атқаратынын атап өту маңызды.

Осыған байланысты, қоғамдық кеңестер жұмысының тиімділігін арттыру, сондай – ақ оның мүшелерінің белсенділігін көтеру мақсатында **уәкілетті орган Барлық деңгейде қоғамдық кеңестер мүшелерінің мінез-құлқының этикалық нормаларын (бұдан әрі - *Этикалық нормалар*) енгізуді ұсынады.**

Осы Этикалық нормалар Қоғамдық кеңес мүшелерінің мінез-құлқы нормаларын белгілейді және қоғамның қоғамдық кеңестер институтына деген сенімін нығайтуға, қоғамдық кеңестер мүшелерінің мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес органдармен өзара қарым-қатынасының жоғарғы мәдениетін қалыптастыруға, тиісті Қоғамдық кеңес мүшелері арасындағы әріптестік қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

Этикалық нормалар Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесінің парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ Қоғамдық кеңеске мүшелік кезеңінде олардың этикалық емес мінез-құлқы жағдайларының алдын алуға ықпал етеді.

## **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ** **ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫН РЕТТЕУ**

Қоғамдық кеңес мүшелерінің этикалық мінез-құлқына байланысты қоғамдық қатынастар қоғамдық кеңестер туралы заңнамамен реттелмеген.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңестер жұмысының практикасын, олардың қызметін талдау нәтижелерін, сондай-ақ қоғамдық кеңестер мүшелерінің ұсыныстарын назарға ала отырып, уәкілетті орган өз құзыреті шеңберінде Барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер мүшелері үшін мінез-құлықтың осы этикалық нормаларын әзірледі.

Ұсынылып отырған мінез-құлық этикалық нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және өзге де құжаттар негізінде құқық ұқсастығы тетігін қолдана отырып әзірленді.

Қоғамдық кеңестер туралы заңнамаға сәйкес тиісті деңгейдегі Қоғамдық кеңестің негізгі ішкі құжаты **Қоғамдық кеңес туралы ереже болып табылады.**

Дербестік пен автономдылық қағидаттарының негізінде республикалық және жергілікті деңгейдегі әрбір Қоғамдық кеңес мінез-құлықтың этикалық нормаларын әзірлеуге және қоғамдық Кеңес туралы өз Ережесіне дербес бөліммен немесе тараумен енгізуге құқысы бар.

Әрбір Қоғамдық кеңес мүшелерінің мінез-құлқының этикалық нормаларын әзірлеу және бекіту Қоғамдық кеңестің отырысында оның мүшелерімен келісілген түрде жүзеге асырылуы тиіс.

## **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ** **ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ**

Қоғамдық кеңес мүшелері **төменде белгіленген Этикалық мінез-құлық нормаларын ұстануы және сақтауы керек:**

- Қоғамдық кеңесте іскерлік және достық қарым-қатынастар мен сындарлы әріптестікті орнатуға және нығайтуға ықпал ету;

- Қоғамдық кеңестің басқа мүшелерінің жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан бас тартуға, негізсіз айыптау жағдайларына, дәрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

- қаралатын мәселелер бойынша алқалы шешім қабылдау кезінде Қоғамдық кеңестің басқа мүшелерінің пікірлерін құрметтеуге және ескеруге, олардың пікірлері мен айтылған ұстанымдарына жеке өз атынан баға бермеуге;

- қолданыстағы заңнамамен жүктелген өз өкілеттіктері мен құқықтарын тиісті тәртіппен уақтылы орындауға, бекітілген міндеттерді мүлтіксіз сақтауға және өзінің заңсыз әрекеттері үшін жауапты болуға;

- этикет нормаларын және жеке мінез-құлық ережелерін сақтауға, өздері мүше болып табылатын Қоғамдық кеңестің қадір-қасиеті мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

- азаматтармен өзара қарым-қатынаста, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің қалған мүшелерімен қарым-қатынаста дұрыс мінез-құлық танытуға, дәрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеуге, өз әрекеттері мен мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себеп болмауға;

- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың қызметіне ықпал ету үшін Қоғамдық кеңестегі өзінің мүшелігін пайдалануға жол бермеуге;

- Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамдық кеңестің келісімінсіз өз атынан тиісті Қоғамдық кеңестің қызметі мәселелері бойынша өз пікірін жария түрде білдірмеуге тиіс;

- БАҚ-та және ақпараттық ресурстарда, егер ол Қоғамдық кеңестің негізгі бағыттары мен қызметіне сәйкес келмесе, өзі мүше

болып табылатын Қоғамдық кеңестің қызметі туралы өз пікірін білдіруге жол бермеуге;

- мемлекеттік органдардың жария етуге рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратын ашпауға, жария етпеуге, сондай-ақ орталық және жергілікті деңгейде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, Қоғамдық кеңестің басқа да мүшелерінің және өзге де адамдардың атына әдепке сай емес сөздер айтпауға міндетті.

Тиісті Қоғамдық кеңес қызметінің мәселелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілік алдында сөйлейтін сөздері алқалы тәртіппен Қоғамдық кеңестің құрамымен және оның басқару органдарымен келісілген түрде жүзеге асырылады;

- Қоғамдық кеңестің басқа мүшелері тарапынан әдепті мінез-құлық нормаларын бұзушылықтардың жолын кесу не оларды болдырмау жөнінде өзге де шаралар қабылдау.

**Министерство культуры и информации  
Республики Казахстан**

**Комитет по делам гражданского общества**

**РЕКОМЕНДАЦИИ  
для общественных советов  
всех уровней по вопросам этического поведения  
членов общественных советов в ходе исполнения  
возложенных полномочий**

**г. Астана, 2024 год**



## **ОСНОВАНИЯ ВВЕДЕНИЯ ЭТИЧЕСКИХ НОРМ** **ПОВЕДЕНИЯ ЧЛЕНОВ ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТОВ**

В соответствии с законодательством об общественных советах, основной миссией и целью общественных советов является выражение мнения гражданского общества по общественно значимым вопросам.

В свою очередь, выражение мнения и интересов гражданского общества и населения осуществляется посредством реализации форм общественного контроля за деятельностью государственных органов и субъектов квазигосударственного сектора.

Для этих целей общественные советы **наделены широкими полномочиями**, предусмотренными статьей 5 и 5-1 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах».

Вместе с тем, члены общественных советов имеют **определенные права и несут обязанности**, закрепленные статьей 7 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах».

Члены общественных советов используют свои права исключительно в целях осуществления своих полномочий, установленных действующим законодательством.

Необходимо важно отметить, что в своей деятельности **Общественный совет и его члены обязаны:**

1) соблюдать нормы Конституции, соответствующих ей законов, актов Президента Республики Казахстан, Правительства Республики Казахстан, иных нормативных правовых актов Республики Казахстан;

2) осуществлять свою деятельность во взаимодействии с общественностью;

3) не реже двух раз в год информировать население о деятельности Общественного совета через средства массовой информации и (или) интернет-ресурсы;

4) публиковать в средствах массовой информации и (или) размещать на интернет-ресурсе соответствующего государственного органа, органа местного самоуправления, субъекта квазигосударственного сектора годовой отчет о своей деятельности.

Итоги мониторинга и исследований деятельности общественных советов показывают, что на сегодняшний день имеют место случаи пассивного участия или неучастия ряда членов в работе соответствующего Общественного совета, игнорирования заседаний Общественного совета и выполнения своих полномочий.

Как показывает практика, нередко встречаются случаи использования членами Общественного совета своего членства в личных интересах, осуществление своих полномочий самостоятельно без ведома Общественного совета и без согласования с ним.

Такие действия приносят значительный урон предназначению и имиджу общественных советов, оказывают отрицательное воздействие на повышение доверия населения.

Вместе с тем, уполномоченный орган сообщает, что в настоящее время перед общественными советами **поставлены следующие важнейшие задачи:**

**Первое.** Внедрение практики проведения **общественных консультаций через общественные советы** по наиболее актуальным для населения вопросам.

Кроме того, привлечь членов общественных советов в работу по обеспечению законности и правопорядка в рамках проводимого общественного контроля.

**Второе. Подготовка членов общественных советов к работе с различными целевыми группами населения, включая представителей госорганов, НПО, гражданских активистов.**

**Третье. Вовлечение членов общественных советов в работу по антикоррупционной экспертизе проектов нормативных правовых актов.**

**Четвертое. Внедрение практики проведения открытых слушаний и прямых трансляций с заседаний общественных советов для возможности получения полной информации о принимаемых в ходе их работы решений.**

**Пятое. Усиление работы по совершенствованию системы общественного контроля на предмет соблюдения законов, расходования бюджетных средств и реализации государственных проектов.**

Здесь важно отметить, что в реализации поставленных задач, немаловажную роль играет непосредственное активное участие каждого члена и надлежащее исполнение своих полномочий.

В этой связи, в целях повышения эффективности работы общественных советов, а также для активизации его членов, уполномоченный орган **рекомендует введение Этических норм поведения членов общественных советов на всех уровнях (далее – Этические нормы).**

Настоящие Этические нормы устанавливают нормы поведения членов общественных советов и направлены на укрепление доверия общества к институту общественных советов, формирование высокой культуры взаимоотношений членов общественных советов с государственными органами и

негосударственными органами, партнерских отношений между членами соответствующего Общественного совета.

Этические нормы способствуют созданию атмосферы добропорядочности каждого члена Общественного совета, а также предупреждению случаев их неэтичного поведения на период членства в Общественном совете.

## **РЕГУЛИРОВАНИЕ ЭТИЧЕСКИХ НОРМ ПОВЕДЕНИЯ ЧЛЕНОВ ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТОВ**

Общественные отношения, связанные с этическим поведением членов Общественного совета не регламентированы законодательством об общественных советах.

Вместе с тем, взяв во внимание практику работы общественных советов, результаты анализа их деятельности, а также предложения самих членов общественных советов, в рамках своей компетенции уполномоченном органом разработаны настоящие Этические нормы поведения для членов общественных советов всех уровней.

Предлагаемые Этические нормы поведения разработаны с применением механизма аналогии права на основе действующего законодательства Республики Казахстан и иных документов.

В соответствии с законодательством об общественных советах, основным внутренним документом Общественного совета соответствующего уровня является **Положение об Общественном совете**.

На основе принципов самостоятельности и автономности, каждый Общественный совет на республиканском и местном уровне вправе разработать Этические нормы поведения и включить в свое

Положение об Общественном совете самостоятельным разделом или главой.

Разработка и утверждение Этических норм поведения каждого Общественного совета должны осуществляться в коллегиальном порядке при согласовании его членами на заседании Общественного совета.

## **ЭТИЧЕСКИЕ НОРМЫ ПОВЕДЕНИЯ ЧЛЕНОВ ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТОВ**

Члены общественных советов должны придерживаться и соблюдать **следующие Этические нормы поведения:**

- способствовать установлению и укреплению в Общественном совете деловых и доброжелательных взаимоотношений и конструктивного партнерства,

- воздерживаться от обсуждения личных и профессиональных качеств других членов Общественного совета, не допускать случаев необоснованных обвинений, фактов грубости, унижения достоинства, бестактности и некорректного поведения;

- уважать и учитывать мнения других членов Общественного совета при принятии коллегиального решения по рассматриваемым вопросам и не давать личную оценку их мнениям и выраженной позиции;

- своевременно исполнять возложенные действующим законодательством свои полномочия и права в надлежащем порядке, неукоснительно соблюдать закрепленные обязанности и нести ответственность за свои неправомерные действия;

- соблюдать нормы этикета и правила личного поведения, не допускать совершения действий, подрывающие достоинство и авторитет общественных советов, членами которых они являются;

- в обращении с гражданами, в отношениях с государственными и негосударственными органами, а также с остальными членами Общественного совета проявлять корректность, не допускать фактов грубости, унижения достоинства, бестактности, своими действиями и поведением не давать повода для критики с их стороны;

- не допускать использование своего членства в Общественном совете для оказания влияния на деятельность государственных органов и иных организаций при решении вопросов личного характера;

- членам Общественного совета не следует публично выражать свое мнение по вопросам деятельности соответствующего Общественного совета от своего имени без согласования с Общественным советом;

- не допускать в СМИ и информационных ресурсах выражение своего мнения о деятельности Общественного совета, членом которого он состоит, если оно не соответствует основным направлениям и деятельности Общественного совета;

- не раскрывать служебную информацию государственных органов, которая не разрешена к публичности, а также не выражать неэтичные высказывания в адрес государственных органов и должностных лиц на центральном и местном уровне, других членов Общественного совета и иных лиц.

Публичные выступления членов Общественного совета по вопросам деятельности соответствующего Общественного совета осуществляются при согласовании в коллегиальном порядке с составом Общественного совета и органами его управления;

- пресекать либо принимать иные меры по недопущению нарушений норм этического поведения со стороны других членов Общественного совета.